

КРИМИНАЛИСТИКА / КРИМИНАЛИСТИКА / CRIMINALISTICS

УДК 343.98

АЙМАҒАНБЕТОВ Талғат Зекенұлы

Заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының директоры

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТЕХНИКАНЫ ДАМУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Аннотация. Криминалистикалық құралдарды, қылмыстарды ашу мен тергеудің әдістері мен тәсілдерін дамытудың кейбір перспективті инновациялық бағыттары қарастырылған. Криминалистикалық техника саласындағы инновацияларды дамыту мен енгізудің негізгі бағыттары сипатталған. Автор қылмыстарды тергеп-тексеру тәжірибесіне инновацияларды енгізуге субъективтік (субъектінің құзыреттілік деңгейі) және әдістемелік (инновациялық өнімді қолданудың тиісті әдістерін әзірлеу) болып табылатын кейбір факторлар кедергі келтіретінін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: криминалистикалық инновациялар, криминалистиканың перспективалық дамуы, криминалистикадағы инновациялық технологиялар.

АЙМАҒАНБЕТОВ Талғат Зекенұлы

Кандидат юридических наук, директор Центра академических программ и проектов Академии правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан

ИННОВАЦИОННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ КРИМИНАЛИСТИКИ

Аннотация. Рассмотрены некоторые перспективные инновационные направления развития криминалистических средств, методов и подходов к раскрытию и расследованию преступлений. Описываются основные направления разработки и реализации инноваций в области криминалистической техники. Автор отмечает, что внедрение инноваций в практику расследования преступлений затруднено некоторыми факторами, носящими субъективный (уровень компетенций субъекта) и методологический (разработка соответствующих методик применения инновационных продуктов).

Ключевые слова: криминалистические инновации, перспективное развитие криминалистики, инновационные технологии в криминалистике.

AIMAGANBETOV Talgat Zekenuly

Candidate of law, Director of the Center for Academic Programs and Projects of the Academy of Justice under the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan

INNOVATIVE DIRECTIONS FOR THE DEVELOPMENT OF FORENSIC SCIENCE

Abstract. *Some promising innovative directions for the development of forensic tools, methods and approaches to the detection and investigation of crimes are considered. The main directions of development and implementation of innovations in the field of forensic technology are described. The author notes that the introduction of innovations in the practice of investigating crimes is hampered by some factors that are subjective (the level of competence of the subject) and methodological (development of appropriate methods for the application of innovative products).*

Keywords: *forensic innovations, perspective development of forensics, innovative technologies in forensics.*

Қазіргі тандағы инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық өмірдің көптеген салаларына қосымша қылмыстық қатерлер жасалуына, заң бұзушылардың қылмыс жасаудың жаңа тәсілдерін пайдалануларына себеп болуда. Қылмыс саны өсуі, сондай-ақ қылмыстың жекелеген түрлерінің механизмінің күрделенуі, атап айтқанда, қылмыстың ұйымдастырылу, қарулану, техникалық жабдықталу деңгейін арттыру, қылмыстарды ашуды, тергеуді және алдын алуды техникалық-криминалистикалық қамтамасыз етудің тиісті деңгейін талап етеді.

Қылмыстың динамикасы мен құрылымындағы мұндай жағымсыз тенденциялар криминалистикаға, яғни тәжірибеден тапсырыс түсінуіне байланысты қылмыстың қазіргі заманғы сын-қатерлерімен күресудің барабар құралдарын, әдіс-тәсілдерін іздеуге бағытталған жаңа міндеттер қояды.

Криминалистика ғылымының негізгі міндеттерінің бірі қылмыстарды ашу мен тергеудің, істің шынайы мән-жайларын анықтаудың тиісті құралдарын, әдіс-тәсілдерін құрастыру және оларды қолдану болып табылады. Қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге барабар болу үшін криминалистика өзіне ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін біріктіреді

және синтездейді.

Дәстүр бойынша, криминалистикада инновацияларды әзірлеу мен енгізудің үш бағытын қарастырады — техникалық-криминалистикалық, тактикалық-криминалистикалық және қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістерін қамтамасыз ету. Біздің ойымызша, техникалық-криминалистикалық бағыт инновациялар тұрғысынан ең белсенді дамуға ие болған, алайда бұл бағытта көптеген пікірталас пен шешілмеген мәселелерде баршылық.

Криминалистикалық дереккөздер мен эмпириканы зерттеу және талдау практикалық қызметкерлердің техникалық және криминалистикалық құралдарды қолдануымен байланысты бірқатар мәселелерді анықтады. Көп жағдайда бұл проблемалар мұндай қызметті криминалистикалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігінің, сондай-ақ тиісті мамандарды даярлау деңгейінің төмендігінің салдары болып табылады, яғни қазіргі заманғы құқыққа қайшы әрекеттерді анықтауда, тергеуде және алдын алуда жаңа ғылыми-техникалық құралдармен, әдістермен, инновациялық технологиялармен жұмыс істеу үшін қажетті білімнің, дағдылардың және практикалық дағдылардың болмауы. Осыған байланысты криминалистиканың қол-

данбалы функциясының рөлін арттыру, криминалистикалық техниканың құралдары мен әдістерін пайдалануды тиісті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді құру, оларды практикалық қызметке енгізуді ұйымдастыру қажет.

Бүгінгі таңда жаратылыстану, техникалық, гуманитарлық ғылымдардың жетістіктерін үйлестіретін криминалистикалық техниканы криминалистік ғалымдардың көпшілігі (Т.В.Аверьянова, Р.С.Белкин, К.Е.Демин Е.П.Ищенко және т.б.) ғылыми ережелер жүйесі болып табылатын және олардың негізінде әзірленетін, дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және пайдалануға және қылмыстарды ашу мен алдын алудың өзге де шараларына арналған техникалық құралдар, әдістер мен әдістемелер жүйесі болып табылатын криминалистика саласы ретінде қарастырады [1]. Криминалистикалық техниканың криминалистикалық білім жүйесі және әртүрлі практикалық іс-шаралар ретінде пайда болуы жаратылыстану және техникалық ғылымдардың жетістіктерін қылмыспен күресу тәжірибесіне енгізумен байланысты [2]. Сонымен қатар, өз криминалистикалық әдістер мен құралдарда әзірленген болатын.

Заманауи нақты жағдайдағы криминалистикалық техника саласында қылмыстарды тергеуді оңтайландыруға бағытталған инновациялық криминалистикалық құралдар мен әдістерді белсенді іздеу, әзірлеу және енгізу үрдісі байқалады. Мұндай инновациялық өнімдерге тергеу практикасының қажеттіліктеріне бейімделген жаңа криминалистикалық құралдар, заманауи ақпараттық технологиялар, электрондық білім базалары, дәлелдемелерді тіркеу, талдау және бағалау әдістері және басқалар жатады. Құқық қорғау қызметіндегі инновациялардың мысалдары болып адамның статикалық

және динамикалық сипаттамаларына негізделген сәйкестендіру (идентификациялық) биометриялық жүйелері (биометриялық сипаттамаларға негізделген адамды сәйкестендірудің электрондық жүйелері: саусақ іздері, сыртқы түрі, көздің нұрлы қабығының сыртқы түрі, ДНҚ, жүрісі, қолжазбасы және т. б.); автоматтандырылған жұмыс орындары (мысалы, «Электрондық қылмыстық істегі» «Криминалист» АЖО-ы), автоматтандырылған ақпараттық-ізвестіру жүйелері және мәліметтер базасы (АДАЖ Папилон, ААІЖ Образ 3.0 және т. б.) және т. б. жатады.

Инновациялық әдістер мен құралдардың ішінде биометрияға — оны анықтау немесе диагностикалық мәселелерді шешу мақсатында адамның физикалық және мінез-құлық сипаттамаларын өлшеуге мүмкіндік беретін жүйелерге маңызды мән беріледі, атап айтқанда: жеке дыбыстарды, сөздерді айту кезінде дауыстық, артикуляциялық жабдықты қолдана отырып, бейнежүйелер арқылы адамды сыртқы белгілері бойынша анықтау. Полиграфтың мүмкіндіктері тергеу және іздеу жұмыстарына жарамдылығын және кәсіби деформацияның болуын анықтауда жеткіліксіз қолданылады; дәлелдемелердің дұрыстығын диагностикалау кезінде; қылмысқа қатыстылығын анықтау кезінде және т. б. 1985 жылдан бастап қылмыспен күресу практикасына адамды ДНҚ-сы бойынша сәйкестендірудің геномдық әдісі енгізілді, ол XX ғасырдағы криминалистиканың маңызды жетістіктерінің бірі болып табылады және болашақ криминалистикалық тіркеу мен тұлғаны сәйкестендіруде саусақ ізін толығымен алмастыра алады. Генотиптік сараптамада адамды сәйкестендіру мүмкіндіктерін кеңейтетін инновациялық әдістер мен технологияларды

әзірлеу ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады, бұл субъектінің жеке басын ДНҚ-ның кішкентай ізі арқылы 99,6% ықтималдықпен анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, бұрын мүмкін емес болатын оқиға орнында қалдырылған аз мөлшерде сілекейі бар мыжылған майлық немесе темекі тұқылы арқылы анықталған кезде [3; 117-125].

Криминалистикалық техника саласында тергеу және сот қызметінде қолдану үшін жаңа биометриялық әдістерді іздеу жалғасуда, атап айтқанда, адам көзі түбінің суреті немесе нұрлы қабығының үлгісі бойынша сәйкестендірілуі. Мәселен, американдық ғалымдардың зерттеулері мен мәліметтеріне сәйкес, адамның саусақ іздері 40, ал көздің нұрлы қабығы – 256 ерекше сипаттамаға ие. Сондықтан да адамның көз торын сканерлеуді банктік қауіпсіздік жүйесі адамды идентификациялау үшін өте белсенді қолданады [4]. Сәйкестендіру мәселесін шешу үшін венздық карта деп аталатын сканерлеу әдісі, яғни қолдың тамырларының суретін инфрақызылдық оқуды қолданылады. Өзге компьютерлік технологияларды кеңінен пайдалану олардың қылмыскерлерді анықтау үшін көбірек қолданылуына әкелді. Инновациялық биометриялық технологияларды қолдану нәтижесінде адамды «қолжазбасы» бойынша анықтауға мүмкіндік туғызды [5; 267-279].

Криминалистикалық техника бүгінде инновациялық ақпараттық, цифрлық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу бағытында дамуда. Бұл даму сонымен қатар дыбысты, электронды іздерді, адамның ДНҚ-сын зерттеуге арналған криминалистикалық құралдарды құрастыру және жетілдірумен; тергеу және жасырын тергеу (іздеу) әрекеттерінің тактикасын техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету үшін ең

жаңа техниканы бейімдеумен байланысты.

Бұл тұрғыда криминалистикалық техника саласында адам жадындағы идеалды іздерді іздеу және зерттеу өзекті болып табылады. Біздің ойымызша, ғалымдар мен практиктердің жеке тұлғаның ақпараттық жағдайын диагностикалау үшін полиграф сияқты техникалық құралдарды қолдану саласындағы зерттеулер туралы пікірлері өте өзекті және орынды [6].

Соңғы кездері материалдық іздер мен жалпы жағдайды анықтаудың, бекітудің, іздеудің, сондай-ақ зерттеудің дәстүрлі құралдарымен қатар, инновациялық және перспективасы зор бағыт болып қазіргі заманғы үш өлшемді цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті белсенді пайдалану табылады. Оның мақсаты 3D модельдерді пайдалана отырып қылмыстың мән-жайлары мен суреттерін немесе оның жекелеген эпизодтарын (бөлшектерін) визуализациялау және қайта құру болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, құқық қорғау органдарының қызметкерлері үлкен аумақтарда орналасқан материалдық объектілерді, яғни қылмыстық жарылыстардың, өрттердің, көліктің әртүрлі түрлеріндегі авариялар мен апаттардың, техногендік апаттардың салдарын зерделеу және есепке алу қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр. Оқиға орнын қайта құрастыру үшін белгілі бір объектілерді лазерлік сканерлеу және оларды 3D көрнекілеу жүйелері ретінде қайталау әдісі кеңінен таралуда, бұл оқиға болған жерді және оның жеке нысандарын үш өлшемді кеңістікте түсіруге және қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу барысында және кейіннен қылмыстық істі сотта қарау барысында маңызды криминалистикалық ақпаратты

зерттеуге және пайдалануға мүмкіндік береді. Нәтижесінде 3D моделі жасалатын жер аумағы және объектілерді лазерлік сканерлеуді пайдалану оқиға орнында жиналған деректердің ақпараттылығын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді, үш өлшемде анық және ыңғайлы визуализацияны қамтамасыз етеді, ал бұл болса жоғары иллюстрациялық сапаға қол жеткізуге мүмкіндік береді [7].

Қылмыстарды тергеуде маңызды криминалистикалық маңызы бар перспективалық бағыттардың ішінде «Үлкен деректер» технологиясын қолдануды бөліп көрсетуге болады. Big Data – көлденең масштабталатын бағдарламалық құралдармен тиімді өңделетін үлкен көлемдегі және айтарлықтай әртүрліліктегі құрылымдалған және құрылымданбаған деректерді белгілеу [8]. Іс жүзінде бұл әдіс тергеу және жасырын тергеу (іздеу) әрекеттерін жүргізу кезінде қолданылады. Сонымен қатар, желілік талдау, тактикалық профильдеу, үлгіні талдау технологиялары қылмыстарды сәтті анықтауға және тергеуге мүмкіндік береді [9; 74-78].

Қылмысқа қарсы күресте инновациялық технологияларды қолданудың перспективалық бағыттары мыналар болып табылады: 1) ұшқышсыз ұшу аппараттары мен көлік құралдарын пайдалану; 2) бақылау және бейнебақылау жүйелерін қолдану; 3) адамдардың кеңістікте қозғалысын электрондық бақылауды пайдалану; 4) тұлғаны тану үшін сәйкестендіру (идентификациялау) жүйелерін әзірлеу және қолдану; 5) «Үлкен деректер» технологияларын пайдалану және т.б. Осылайша, осы саланың даму перспективалары шетелдік тәжірибені (Қытай, Оңтүстік Корея, АҚШ және т. б.) ескере отырып, инновациялық технологияларды құрумен байланысты. Қылмысқа қарсы күресте практикалық міндеттерді

шешуді қамтамасыз ету үшін жасанды интеллектті пайдалану жөніндегі жұмыс айтарлықтай жандандырылуы тиіс.

Біздің пікірімізше, криминалистикалық ғылымның перспективалық бағыты болып құқық қолданудың әртүрлі салаларында криминалистикалық техниканың инновациялық құралдары мен технологияларын қолдану, қазіргі заманғы нақты жағдайда өте өзекті және қосымша зерттеулерді қажет ететін криминалистикалық білімдерді заң тәжірибесінің түрлерінде пайдалануды кеңейту табылады. Біздің ойымызша, бұл қазіргі криминалистиканың дамуының тағы бір маңызды тенденциясының көрінісін, яғни криминалистикалық білімдерді қылмысқа қарсы күрес саласынан құқық қорғау және басқа да қызметке пайдаланудың кеңеюін көрсетеді.

Криминалистикалық техниканы қолданудың мақсаты қылмыстық оқиғаның көріністерін (іздерін) анықтау мен зерттеу және олардан дәлелдемелерді алу болып табылады. Сондықтан криминалистикалық техниканың инновациялық құралдарын табысты және шебер қолдану тергеудің толықтығын, дәлдігін, тиімділігін, объективтілігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етеді, және де осы қызмет түрлерін оңтайландыруға және қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі міндеттерін шешуге ықпалын тигізеді.

Тәжірибені талдай келе заманауи криминалистикадағы зерттеулердің перспективалық бағыты криминалистикалық техниканың дәстүрлі емес салаларын (криминалистикалық одорология, фоноскопия, полиграфология және т.б.) зерделеу деген қорытынды жасауға болады. Көбінесе олар криминалистикалық техниканың саласындағы заманауи криминалистикалық зерттеулердің инновациялық бағыттарын анықтайды.

Қолданылған қайнар көздер тізімі

1. Аверьянова Т. В., Белкин Р. С., Корухов Ю. Г., Россинская Е. Р. Криминалистика. Учебник для вузов. Под ред. Заслуженного деятеля науки Российской Федерации, профессора Р. С. Белкина. - М.:Издательство НОРМА (Издательская группа НОРМА-ИНФРА • М) - 990 бет.
2. М. В. Жижина Инновационное развитие криминалистики на современном этапе // LEX RUSSICA (Научные труды МГЮА), 2012, № 1, 117-125 беттер.
3. Электрондық ресурс: <http://cgie.62.rospotrebnadzor.ru/info/zdorovii-obraz-jizni/146846/>
4. Михайлов, М.А. Биометрия: новое слово в идентификации личности. Воронежские криминалистические чтения: сборник научных трудов, 2009. №11, 267-279 беттер.
5. Электрондық ресурс: <https://www.zakon.kz/221763-poligraf-kak-istochnik-dokazatelstv-g..html>
6. Электрондық ресурс: <https://www.artec3d.com/ru/cases/3d-scanning-tested-against-photography-in-autopsy>
7. Электрондық ресурс: https://ru.wikipedia.org/wiki/Большие_данные
- 8 Саморока В. А., Прохоров К. О. Перспективы использования «BIG DATA» в раскрытии и расследовании преступлений. Академическая мысль, 2019 3(8), 74-78 беттер.